

**ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясында дүбірлеп өткен Наурыз мейрамында  
тыңдаушылар тек ән шырқап, би билеп қоймай, қазақ халқының салт-  
дәстүрлерін де тамаша көрсетті.  
Ұлыс ұлықталған күн**

Оқу ордасының профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен тыңдаушылары біркiсiдей қатысқан мерекенi Академия бастығы, полиция полковнигi Мирлан Қызылов құттықтау сөзiмен ашып, баршаны жақсының жыршысы, ынтымақтастық пен достықтың белгiсi – Ұлыстың ұлы күнi жақсылық тiледi.

Наурыз тойында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, оқуда үздік шыққан тыңдаушылар грамота және алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ, күндізгi оқыту факультетiнiң 1 курс тыңдаушылары Акерке Мажид, Акерке Кәдiрбекова, Меруерт Оразалиева болашақ офицерге тән жасаған игi iстерi үшiн ерекше ықыласқа бөлендi. Ұлыстың-Ұлы күнi полиция полковнигi М.Қызылов оқу ордасының 20 тыңдаушысына алғыс хат табыс еттi.

Бұл күнi 1- курс тыңдаушылары тұсау кесу, 2 -курс беташар, 3 - курс құда түсу секiлдi қазақтың салт-дәстүрлерiн сахналап, ұлттық тағамдарға толы ақ дастарқандарын жайды.

Ата-салтымыздың тағылымы мол тұсын жарқыратып көрсеткен тыңдаушылар әр дәстүрдiң халық тыныс-тiршiлiгiмен етене екенiн аңғартты. Жалпы, мұндай игi шаралар болашақ ел сақшысының бойынша керемет салт-ғұрпы үшiн мақтаныш сезiмiн тудырып, отаншылдық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызы мол екенi даусыз.

Салт-дәстүрдi көрсету барысында тыңдаушылардан құрылған бишiлер тобы өнерлерiн көрсетiп, домбыраның құлағында ойнаған дарындары «Құс қайтару» күйi мен «Қазақ елi», «Жақсы жар», «Қазақстай ел қайда?», «Наурыз думан» атты өлеңдерiн тарту еттi. Мерекеден профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер жетi дастарқан жайды. Әр дастарқан Ұлыстың ұлы күнi Наурыз мерекесiнiң дәстүрлi наурыз көжесi, ет қуырдақ, бауырсық секiлдi көптеген ұлттық тағамдарға толы болды. Мерекеге жиналған барша қауым әр дастарқаннан дәм татып, бiр-бiрiн жыл басымен құттықтады.

Орынбасар Уақпаева, Қостанай қаласы